

сақталмаған, тұтасынан қамтылмаған. Кейбір өзгерістер бірінде бар болса, бірінде жоқ болып шығады. Қай тілде қай форманың сақталуы сол тілдің даму ерекшеліктеріне тікелей тәуелді.

XIV-XV ғасырлардағы қыпшақ ескерткіштері тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы грамматикалық формалар бойынша айырмашылықтар осы заңдылықтардан келіп шығады. Оларды жалпытүркілік дамудың бір-бір бунағы, буыны (звеносы) деп қарастыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: (Морфология). Алматы, 1974. -210 б.
- [2] Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971. – 272 б.
- [3] Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). – Ленинград: Наука, 1977. – С. 191.
- [4] Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1986. – С. 283.
- [5] Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, Қазақ университеті, 2005. - 426 б.
- [6] Фазылов Э.И., Зияева М.Т. Изысканный дар тюркскому языку. – Ташкент: Фан, 1978. – 451 с.
- [7] Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата: Наука, 1971. – С. 380.
- [8] Сборник трудов. – М., 1948, - С.133.

МРНТИ16.21.51

К.Күдеринова

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
филология ғылымдарының докторы
Алматы, Қазақстан
kuderinova_70@mail.ru

ҚЫПШАҚ ТОБЫ ТІЛДЕРІНІҢ 30 ЖЫЛДАРДА ҚОЛДАНҒАН ЛАТЫН ӘЛІПБИЛЕРІ

Аннотация. Латын әліпбиін қабылдаған түркі тілдерінің дені негізінен оғыз тобындағы тілдер болып табылады. Ал қыпшақ тобына жататын түркі тілдерінен тек қарақалпақ тілі латын графикасын пайдаланады. Болашақта қазақ, башқұрт, татар, қарашай, құмық, ноғай тілдері латын графикасына ауысатын болса, бұл тілдердің ортақ базалық әліпби жүйесі болуы керек деп ойлаймыз. Сондықтан мақалада фонетика-фонологиялық жүйесінде көп

айырмашылық жоқ қазақ, ноғай, башқұрт, қарақалпақ, қарашай, татар, құмық тілдерінің 30 жылдардағы латын, кейінгі кирилл графикасы негізіндегі әліпбилеріндегі әріп айырмашылықтар және олардың болашақтағы жаңа латын әліпбиі тұсында шешілу мүмкіндіктері қарастырылады.

Тірек сөздер: түркі тілдерінің қыпшақ тобы, латын әліпбиі, фонема, дыбыс, қарашай, құмық, татар, ноғай, башқұрт тілдері.

К.Кудеринова

Институт языкознания им. А. Байтұрсынулы,
доктор филологических наук,
Алматы, Казахстан
kuderinova_70@mail.ru

Латинский алфавит, используемый кыпчакской группой языков в 30-х годах

Аннотация. В основном, большинство тюркских языков, которые приняли латинский алфавит, являются огузской группой языков. Из тюркских языков, принадлежащих к кыпчакской группе, только каракалпакский язык использует латинский алфавит. Мы полагаем, что в будущем, если казахский, башкирский, татарский, карачаевский, кумыкский и ногайский языки перейдут на латинский алфавит, они должны иметь общую базовую систему алфавита. Поэтому в статье рассматриваются различия в алфавитах мало отличающихся по фонетической и фонологической системе казахского, ногайского, башкирского, каракалпакского, карачаевского, татарского, кумыкского языков на основе латинской графики 30-х годов и позднее - кириллической графики; и анализируются возможности решения данных проблем при переходе на новый латинский алфавит.

Ключевые слова: кыпчакская группа тюркских языков, латинский алфавит, фонема, звук, карачаевский, кумыкский, татарский, ногайский, башкирский язык.

K. Kuderinova

Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Doctor of Philology,
Almaty, Kazakhstan
kuderinova_70@mail.ru

THE LATIN ALPHABET USED BY THE KYPCHAK GROUP OF LANGUAGES IN THE 1930S

Annatation. Basically, most of the Turkic languages that adopted the Latin alphabet belong to the Oguz group of languages. As for the Turkic languages belonging

to the Kypchak group, only the Karakalpak language uses the Latin alphabet. We believe that in the future, if the Kazakh, Bashkir, Tatar, Karachai, Kumyk and Nogai languages switch to the Latin alphabet, they should have the common basic alphabet system. Therefore, the article discusses the differences in the alphabets of the Kazakh, Nogai, Bashkir, Karakalpak, Karachai, Tatar, Kumyk languages differing little in the phonetic and phonological system based on the Latin graphics of the 30s and later - the Cyrillic graphics; the possibilities of solving these problems when switching to the new Latin alphabet are analyzed.

Key words: Kypchak group of Turkic languages, Latin alphabet, phoneme, sound, the Karachai, Kumyk, Tatar, Nogai, Bashkir languages.

XX ғ. басында Н.Төрөкұлов «Түркі жазуларына унификация керек. Өйткені бәрі бірдей сөйлейді, бірақ әртүрлі жазады» – деген екен [1, 117б.]. Түркі тілдері бір-біріне өте жақын, бір тілдің диалектісі іспетті тілдер. Алайда сондай диалекті деңгейіндегі тілдер қазір бір-бірін түсінуден қалып барады. Оның себебі, біріншіден, жалпы кез келген ауызша тілдің тез өзгерісіне сайса (мысалы, кез келген шет тілді жазба тіл арқылы тез, оңай меңгеріп алғандай болғанмен, тілдік ортаға түскенде коммуникацияға ілесе алу қиындайды, сөз бірліктердің жазба формасын санада қатар елестетіп, әрең меңгересіз), екіншіден, тілдердің өзіне тән дыбыстарын әртүрлі әріппен және мазмұнына сай келмейтін әріптермен белгілеуінде болды, үшіншіден, түркі тілдерінің кеңес құрамында болғандары орыс тілінің, түрік тілі ағылшын тілінің әсеріне ұшырап, орфоэпиялық нормасына айтарлықтай жарқышак түсіріп алғанынан да болды. Сол себепті біздер, түркі халықтары, ауызша сөйленген мәтіндерді аудармашы болмаса түсіне алмайтын жағдайға жеттік. Ал ата буынның және жазба тілді меңгере қоймаған алдыңғы буынның тілі (өкініштісі, қазіргі таңда ол ұрпақтар өмірден өтіп барады және ол ұрпақтың сөйлеу тілі барлық түркі халықтарында бірдей транскрипцияланбады) қай түркі тілінде сөйлесе де, бір-біріне алғаш тыңдағаннан-ақ түсінікті (мысалы, біздер Стамбул университетінің деканымен болған әңгімеде аудармашысыз-ақ түсінісе алдық, өйткені ол кісі түрік тілінің «классикалық» орфоэпиялық нормасымен сөйледі). Ал қазіргі түркі халықтарының жас буынының сөзі мүлде өзгеше сипат алуда. Келешекте туыс тілдердің арасындағы жақындық, О. Сүлейменов айтқандай, жазу тілінде («язык письма») ғана сақталатын сияқты.

Қазіргі түркі тілдері үш графиканы – латын (түрік, өзбек, әзербайжан, түркімен, қарақалпақ), араб (Иран, Қытай, Ауғанстандағы түркі диаспоралары т.б.), кирил жазуын қолданады. Бір графиканы пайдаланатын тілдердің өзінде әліпби алшақтықтары бар. Бұл мәселеге ең алғаш кеңес түркітанушысы профессор К.М. Мусаевтың «Алфавиты языков народов СССР (1965), «Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков народов СССР» (1982), «Языки и письменность народов Евразии»(1993), «Орфография тюркских литературных языков СССР» атты еңбектерінде назар аударылды.

Мысалы, кирил графикасын қазір қолданатын түркі тілдерінің жазба

мәтіндеріне қарайық: 6-8 февральдә узган Республика күләмендәге олимпиадада укучыларыбыз - Шәмсетдинова Фәнүзә, Хисамиева Физалия призер булдылар. Укытучысы Вакказова Б. (татар тілінде).

Халкының милли теле, урыс теле менән бер рәттән Башкортостан Республикаһының дәүләт теле. Тәрки телдәренәң кыпсак төркөмөнәң кыпсак-булгар төркөмсәһенә карай. Морфологик тибы буйынса агглютинатив телдәр иҗәбенә инә. Башкорт һөйләү теле өс диалекттан тора: көнсыгыш, көнъяк һәм көнбайыш. Башкорт әлифбәһе урыс алфавитына нигезләнеп төзөлгән (башқұрт тілінде).

Кёбюсюне Къарачай-Черкесияда, Ставрополь крайда, Астрахань областда эмда Дагъыстанда джашагъан ногъайлыланы тиллериди. Бул тилде Россияда 90 минг. адам сәләшеди (2002 джылдаётген тергеуге кәре). Тил, тюрк тиллени шимал-кюнбатыш (къыпчакъ) къауумуну къыпчакъ-ногъай (ногъай-къыпчакъ) тюбкъауумуна киреди. 3 диалект айырадыла: ногъай (Ставрополь край), къараногъай (Дагъыстанда) эмда. 1928 джылгъа дери араб джазма хайырландырылгъанды, кечирек – латин, 1938 джылдан — орус графиканы тамалында алфавит. Бусагъатдагъы алфавит 1950 джылда бегитилгенды (қарашай тілінде).

Байқап отырғанымыздай, қыпшақ тобына кіретін тілдердің өзі бір фонеманы әртүрлі әріппен таңбалағаннан бірін-бірі түсінуде қиындыққа тап болып отыр. Ол алдымен әліпби құрамын бекітуде кеткен олқылықтарда, ортақ фонеманы көбінесе әртүрлі әріппен белгілеуде түр (1-кесте).

1-кесте. Қыпшақ тобындағы тілдердің өзіне тән фонемаларын таңбалаудағы кирил тәжірибесі

№	фон.	қазақ	ноғ.	қарақалп.	Татар	башқұрт	қараш.	құм.
1	ғ	ғ	гъ	ғ	-	Ғ	гъ	гъ
2	дж	-	дж	-	Ж	-	дж	дж
3	қ	қ	къ	қ	-	Қ	къ	къ
4	ң	ң	нг	ң	Ң	Ң	нг	нг
5	ө	ө	оь\ е	ө	Ө	Ө	е	оь
6	с	ч	ч	ч	Ч	С	ч	ч
7	ү	ү	уь\ ю	ү	Ү	Ү	ю	уь
8	ұ	ұ	у	ў	У	У	у	у
9	х	-		х	-	-	-	-
10	і	і	и	-	И	И	и	и
11	ә	ә	аь	ә	Ә	Ә	-	-

Мысалы, қазіргі кирил графикасындағы ноғай мен құмық әліпбилерінде [ä], [ü], [ö] дыбыстары **аь, оь, уь** әріп тіркестерімен беріледі (ә, ө, ү/у әріптерімен таңбалауға мүмкіндік барда). Қарашай жазуында орыс алфавитімен келген **е, ю** әріптері [ө], [ү] дыбыстарын таңбалайды. Қазақ әліпбиіндегі **к, қ, ғ, г** әріптері татар, қырғыз әліпбиінде /к/, /г/ деп белгіленсе,

қарашай, құмық тілдерінде: **к, къ, г, гь** диграфтарымен жазылады. К.Мусаев [ŋ] фонемасын таңбалайтын **н, нг, нь нь** әріптері орнына **ң** графемасы **у, уь, ю/у** таңбаларының орнына **ү** таңбасына тоқтайтын, сондай-ақ, [ɣ] дыбысы үшін /ғ/ әрпін, [дж] дыбысы үшін /ж/ әрпін; [q] дыбысы үшін /к/ әрпін; [j] дыбысы үшін /й/ әрпін; [w] дыбысы үшін /ў/ әрпін қабылдауға мүмкіндік бар еді деген [2, 29-30 б.].

Жалпы түркі тілдерінің әліпбилері кирилге қарағанда 20-30 жылдардағы латын жазуы тұсында әлдеқайда унификацияланған. Мысалы, қарашай, татар, қарақалпақ, ноғай, қазақ әліпбилеріне көз жүгіртейік.

Латын әліпбиін алдымен кеңестер құрамындағы кавказ халықтары мен мұнайлы өңір халықтары қабылдағаны белгілі. Сондықтан түркі халықтарының ішінде әзербайжан тілінен кейін латын графикасын қабылдаған кавказ түркілері болып табылады. Қарашай әліпбиі 1924 жылы И.Абаев, И.Ақбаев, У.Алиев, М.Энеев авторлығымен құрастырылды [3] (1-кесте):

1-кесте. Алғашқы қарашай әліпбиі

A a	B b	C c	Ç ç	D d	E e	F f	G g	Ql ql	I i	J j
K k	Q q	L l	M m	N n	Ɔ	O o	Ө ө	P p	R r	S s
Ş ş	T t	Ь ь	U u	V v	Y y	X x	Z z	Z z		

1926 жылы қарашай тілінің өзіне тән дыбыс таңбалары базадағы ұқсас әріптердің соңынан тіркелді, әліпбиге **s, h, w** әріптері енді. **s, w** таңбалары - [ц], [у] дыбыстарын беру үшін қабылданды [4, 8 б.]. Төменде М.К.Милых келтірген Солтүстік Кавказдағы үш түркі тілінің әліпбилерінің салыстыру кестесі (2-кесте) берілді:

2-кесте. Солтүстік кавказдағы үш түркі тілінің әліпбилерінің салыстыру кестесі:

Қарашай	Ноғай	Құмық
a	A	a
b	B	b
c	C	c
ç	-	ç
d	D	d
e	E	e
f	F	f
g	G	g
ql	Ql	ql
i	İ	i

j	J	j
k	K	k
l	L	l
m	M	m
n	N	n
ŋ	Ŋ	ŋ
o	O	o
ө	Ө	ө
p	P	p
q	Q	q
s	S	s
ş	Ş	ş
ŝ	Ŝ	ŝ
t	T	t
ь	Ь	ь
u	U	u
v	V	v
w	-	-
y	Y	y
x	X	x
z (з)	Z	z
z (ж)	z (ж)	z (ж)
-	-	h

Әліпбилерде көп айырма жоқ. Тек ноғай тілінде **ч** әрпінің таңбасы болмаған және қарашай әліпбиінде дауыссыз, ерін-ерін [w] фонемасының жеке таңбасы болған.

Латыннегізді алғашқы қарақалпақ жазуы. 1927 жылдың шілде айынан бастап Қарақалпақ облыстық комитетінде Жаңа әліпби жасақтайтын бөлім құрылды. 1928 жылдың шілдесінде К.Авезов пен С.Маджитовтың құрастыруымен жаңа әліпби жобасы ұсынылды. Біршама ұсыныстар мен талқылаулардан кейін 1928 жылдың аяғында 32 әріптен тұратын мына әліпби жобасы қабылданды: а, в, с, ç, d, e, ә, f, g, h, x, i, ь, j, k, l, m, n, ŋ, o, ө, p, q, ç, r, s, t, u, v, y, z, ş. Бас әріп болмады [5, с.75-87].

1930 жылы «Mijnetkeş Qaraqalpaq» газетіндегі пікір алмасудан кейін әліпбиден **с** әрпі шығарылып, орнына **ş** таңбасын қолдану шешілді. 1932 жылдың қыргүйек айындағы қарақалпақ I орфографиялық конференциясында бас әріп таңбасы қабылданып, әліпби тәртібі былай өзгерді: Aa, Bb, Vv, Gg, Dd, Ee, Çç, Zz, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Ff, Xx, Şş, Hh, Əə, Qq, Çç, □□, Өө, Yy, Ьь [5, с.75-87].

Латыннегізді алғашқы татар жазуы. 1926 жылы Баку конференциясына қатысқан 131 делегаттың латын әліпбиіне өтуді жақтаған 101-нен басқасы араб жазуында қала беруді ұсынды. Мүлде қарсы болған 7

дауыс қазақ пен татар ұлтының өкілдері еді. Татар оқымыстысы Галимджан Шараф бастаған 9 делегат (ішінде Г.Алпаров, Н.Хаким, Г.Сагиди, С.Гафуров бар) латын әліпбиіне өтуге қарсы болды. Ғалымжан Шараф жаңа латынға көшудің айқын қарсыласы ретінде конференцияда сөз алды. С.Атнагулов нейтрал болды, әр түркі халқы өздері шешсін деді [6,105].

Өйткені татар жазба тілінде араб графикасының ресми мәртебесі 14 ғ. бастап-ақ күшейген еді [6,105]. Сол себептен Ресей халықтарының ішінде татар халқының сауаттылығы жоғары болған қадымшы-консерватор татарлар татар даласында латын графикасы қабылданбайды деді, өйткені ол миссионерлердің татар тіліне жасаған транскрипциясына ұқсады. Сондықтан яналифті ұсынғандарды мұсылман дінінен безгендер ретінде қабылдау пайда болды. Түркияның латын жазуына көшуін үлгі етудің қажеті жоқ, өйткені онда сауаттылық аз делінді.

Баку конференциясынан кейін Яналиф құрылды. Алайда ел зиялыларынан 82 адам қол қойған латын жазуына көшуге қарсылық Сталинге жолданады, бірақ Сталиннің құптамаған жауабынан кейін 14 адам өз сөздерінен айнығанын жазған хат «Красная Татария» газетіне жарияланған [6,107].

Сөйтіп, татар тілінің ресми әліпбиі - латын әліпбиі 1927 жылдың 3 маусымында бекиді [7, с. 75-87].

Татар жазуының алғашқы әліпби жобасында 33 әріп, 1 дәйекше болды (3-кесте).

3-кесте. Алғашқы татар әліпбиі

№	Әріп	№	әріп	№	Әріп
1	a	11	h	21	P
2	b	12	i	22	Q
3	c	13	j	23	R
4	ç	14	k	24	S
5	d	15	l	25	Ş
6	e	16	m	26	T
7	ә	17	n	27	U
8	f	18	η	28	V
9	g	19	o	29	Y
10	q	20	ө	30	z(жіңішке)
				32	z(тіл ортасы ж)
				33	ь

[8].

Й фонемасы жіңішке айтылғанда *i* әрпімен, жуан айтылғанда *ɨj* әріп тіркесімен белгіленді. Мысалы: *atɨj*, *tɨjɨan*. Көріп отырғанымыздай, бұл алғашқы әліпбиде *q, q̄* әріптері де болды. Дәйекше кірме сөздердегі жіңішкелікті білдіру үшін қойылды. Мысалы: *mes'ələ*, *vol't*, *kul'tura*, *ma'maj*. Егер сөзде жіңішке дауыстылар болса, онда дәйекше қойылмады. Мысалы:

Gegel, Ruzvelt.

Татар тілінде көмескі естілетін қысаң езуліктер – **ь, е** дыбыстары. 20 жылдар бұл езулік таңбалары түсіріліп жазылған еді. Мысалы, түбір мен қосымша аралығында: *gilem – gilmi, rәsem – rәsmi, аjьr – аjrim, бөjer – бөjрәк*, үнділер арасында: *авьl – авььна, Sadrъj, kukrәk* [8,14 б.].

с – ç, s – z, q – ɢ, x – h дыбыстарынан кейін жуан езулік - **ьj** айтылса да, жіңішке езулік **i** болып жазылды [8,10 б.]: *aşi, çinaq, tabiqi*. Су сөзі *su*, ки сөзі *kij* деп жазылу керек болса да, *su, ki* деп жазылды. Оның себебі татар тілін жіңішкерту, ұяндату бағытын ұстанғаннан, тілдің артикуляциялық сипатынан болса керек. **V** – әрпі [y]дыбысын берді: *devlät, авьl, ашав, сәvdә*.

i, j әріптері бар сөздердің басындағы [ж] фонемасы /ç/ әрпімен жазылды, ал [й] фонемасы **j** әрпімен жазылды: *çir, çibär, çinaq, jaz, jьl, jar, jьlga*. Бірақ *çaza, çan, çanvar* т.с.с. сөздер бар [8, 13].

Қыпшақ тобындағы өзге түркі тілдерімен салыстырғанда әліпбиде **f** әрпі болды, орыс тілі арқылы кірген сөздер орыс орфографиясына сай жазылды: *Leningrad, sklad, miting, losung, Vasiljeva*. Бірақ **v** әрпі → айтылуына сәйкес **ф** дыбысы болып жазылды: *ustaf, аfтор, Ivanof*. Және **я, е** әріптеріне аяқталатын сөздер **иә, ие** әріп тіркестерімен жазылды: *Angliä, Japoniä*.

Бірге/бөлек жазылатын сөздерден жер-су аттары (*Aqidel, Alabuqa*), аталымдар (*qultamqa, өсростаq*), үстеулер (*qajber, bersekөн*), қысқарған сөздер (*kolxoz, ешfak*) бірге жазылды [8, 17].

Латын негізді алғашқы ноғай жазуы. Ноғай жазуының 1928 жылғы әліпбиінде 28 әріп болды: a, b, ç, d, e, ә, g, ɢ, i, k, l, m, n, ɳ, o, ө, p, r, q, s, ş, t, u, y, j, ь, z, v. Әліпбиді жасаған орта мектептің мұғалімі еді. 1931 жылы 6 әріп енді (C c, I ı, F f, H h, X x, Z z). Оның 4-уі (C c, F f, H h, Z z) кірме сөздерді жазу үшін алынған. 1935 жылы әліпбиден Ç ç, Ә ә, S s, I ı, Z z әріптері шығарылады. Кейін **h** әрпі де шығарылды. **ı** әрпінің орнына **i**; **ә** әрпінің қызметін **a** (тек *әр* сөзі *er* деп жазылатын болды); **h** қызметін - **x**; **ç(дж)** таңбасын - сөз басында **j** әрпі, ал басқа позицияда **z** әрпі таңбалады. Ç [дж] араб тілі сөздерінде ғана жазылатын еді. Сондай-ақ **q** мен **ɢ** әріптерін де шығаруды және **w** таңбасын әліпбиге алуды ұсынған пікірлер болды. Бірақ қабылданбады. Соңында 1936 жылы ноғай әліпбиі мына құрамнан тұрды (4-кесте):

4-кесте. Алғашқы ноғай әліпбиі

№	әріп	№	әріп	№	Әріп
1	a	10	ь (ый)	20	P
2	b	11	i	21	Q
3	c	12	j	22	R
4	ç	13	k	23	S
5	D	14	l	24	Ş
6	E	15	m	25	T
7	F	16	n	26	U
8	G	17	ɳ	27	V

9	Q	18	o	28	Y
		19	ө	39	z(жіңішке)
				30	z(тіл ортасы ж)
				31	x

[9, 118-125 б.]

Қазақ жазуының 1929 жылғы әліпбиінде 29 әріп болды (5-кесте).

5-кесте. 1929ж. латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі

рет саны	әріп	Фонема	рет саны	әріп	фонема
1	A	<a>	16	в	<б>
2	Б	<ы>	17	d	<д>
3	O	<o>	18	g	<г>
4	U	<ү>	19	q	<ғ>
5	E	<e>	20	z	<з>
6	Ә	<>	21	č	<ж>
7	I	<i>	22	h	<h>
8	Ө	<ө>	23	m	<м>
9	Y	<ү>	24	n	<н>
10	P	<п>	25	ŋ	<ң>
11	t	<т>	26	v	<у>
12	k	<к>	27	l	<л>
13	q	<қ>	28	r	<р>
14	s	<с>	29	j	<й>
15	c	<ш>			

Қарашай, қарақалпақ, татар, ноғай әліпбилерімен салыстырғанда қазақ әліпбиінде тек жайылма жуысыңқы дауыссыздардың таңбасында өзгешелік болды: <ш> фонемасы с әрпімен, <ж> фонемасы č таңбасымен берілді. Ал <қ>, <ғ>, <ы>, <ң>, <ә> фонемаларын алдыңғы әліпбилермен бірдей таңбалады. Онын себебін профессор Самойлович **с әрпі** – унификацияланған әліпбиде <ч>-ны береді деп түсіндірді [10, 9 б.]. Яғни сол кезеңдегі «Түрік елдерінде бірдей айтылатын дыбыстардың таңбалары да бірдей болсын» деген жалпы қағидат негізінен сақталды дейміз [11].

Сонымен қорыта айтқанда, түркі тілдерінің әліпби тарихында 20-30-жылдардағы латын жазуы кезеңінде қарастырып отырған қарашай, қарақалпақ, құмық, ноғай, татар, қазақ тілдерінің әліпбилеріндегі айырмашылық дәл кирил жазуы тұсындағыдай үлкен болмағанын көреміз. Кирил графикасындағы ноғай мен құмық әліпбилерінде [ä], [ü], [ö] дыбыстары **аь, оь, уь** әріп тіркестерімен, қарашай жазуында **е, ю** әріптері [ө], [ү] дыбыстарын таңбалайды, **қ, ғ** әріптері татар әліпбиінде /к/, /г/ деп белгіленсе,

карашай, құмық тілдерінде: **к, къ, г, гь** диграфтарымен жазылады. 2018 жылдан бері қазақ жазуы латын әліпбиіне көшу процесіне түсті. Қазіргі уақытта әліпби мен емленің соңғы, оңтайлы нұсқасын таңдау үстінде отыр. Әліпби жобасы кезінде қабылданған ортақ түркі әліпбиінен алыстамайды. Сондықтан латын әліпбиіне әлі көшпеген қыпшақ тобындағы түркі тілдері үшін төмендегідей ортақ әріптер базасын белгілеуге болады (6-кесте).

6-кесте. Латыннегізді әріптербазасы

№	Фонема	Әріп	№	Фонема	Әріп	№	фонема	әріп
1	Аа	<i>Aa</i>	12	Зз	<i>Zz</i>	23	Рр	<i>Rr</i>
2	Әә	<i>Ā ā</i>	13	Ии	<i>I</i>	24	Сс	<i>Ss</i>
3	Бб	<i>Bb</i>	14	Йй	<i>Yy</i>	25	Тт	<i>Tt</i>
4	Вв	<i>Vv</i>	15	Кк	<i>Kk</i>	26	Уу, Ұұ	<i>Uu</i>
5	Гг	<i>Gg</i>	16	Ққ	<i>Qq</i>	27	Ш ш	<i>Ş ş</i>
6	Ғғ	<i>Ğğ</i>	17	Мм	<i>Mm</i>	28	Үү	<i>Üü</i>
7	Дд	<i>Dd</i>	18	Нн	<i>Nn</i>	29	Фф	<i>Ff</i>
8	Ее	<i>Ee</i>	19	Ңң	<i>Ŋ</i>	30	Һ	<i>Hh</i>
9	Зз	<i>Žž</i>	20	Оо	<i>Oo</i>	31	ҘҘ	<i>Çç</i>
10	Жж	<i>Jj</i>	21	Өө	<i>Öö</i>	32	Ыы	<i>Iı</i>
11	Жж	<i>Ĵ</i>	22	Пп	<i>Pp</i>			

Мұнда башқұрт тіліндегі тісаралық [з], [с] және тіларты ж фонемалары үшін *Žž*, *Çç* және *Ĵ* таңбалары бар. [ч] фонемасын таңбалауға тиіс тілдер *Çç* әрпін қолдануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Стенографический отчет I пленума ВЦКНТА (Баку, 3-7/VI, 27). – М, 1927. - 175 б.

[2] Мусаев К. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографии современных тюркских языков // Опыт совершенствования орфографии тюркских языков. – М: Наука, 1982. – С. 29.

[3] Алиев У. Национальный вопрос и национальная культура в Северо-Кавказском крае (итоги и перспективы). К предстоящему съезду горских народов. – Ростов-н/Д: Севкавказ, 1926. – С. 82.

[4] А.Х.Соттаев. Пути совершенствования и унификации алфавита карачаево-балкарского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. – М.: «Наука», 1972. – С. 88-92.

[5] Милых М.К. Вопросы орфографии тюркских языков Северного Кавказа и Дагестана. – Кисловодск, 1937. – С. 77.

[6] Насыров Д.С. Об усовершенствовании и унификации алфавита каракалпакского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. – М.: «Наука», 1972. – С. 75-87.

[7] Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – А., Арыс, 2007. – 410 б.

[8] Алпаров Г. Правила орфографии татарского литературного языка. Казань, 1934. – 25 б.

[9] Калмыкова С.А. Алфавит ногайского языка // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. – М.: Наука, 1972. – С. 239.

[10] Стенографический отчет IV пленума ВЦКН алфавита пр. в Алматы, ВЦКНА, 1931. – 261 с.

[11] Құлманов С.Қ., Шыныбеков Ж.Т., Талғат Т. Жана әліппе жолында» (Jana alypbe jolynda) жинағы туралы // Тілтаным 2015, №2. – 90 б.

МРНТИ16.21.37

Н.К.Шаяхметова

Карагандинский государственный технический университет, к.ф.н., доцент,
академик Международной академии информатизации

ОТРАЖЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ЗНАЧИМОСТИ В СЕМАНТИЧЕСКИХ НЕОЛОГИЗМАХ В КОНТЕКСТЕ М.И. ЦВЕТАЕВОЙ

Аннотация. Продолжая опыты лингвостилистического изучения поэтического слова, статья имеет непосредственное отношение к проблемам художественной речи, а также к вопросам о принципах и методах их исследования, привлекающим активное внимание современных филологов. Интерес исследователей к словоупотреблениям поэтов обусловлен недостаточной изученностью словесного искусства выдающихся мастеров русского художественного слова. Наблюдаемое стремление к созданию трудов обобщенного характера (например, «Словаря языка русской советской поэзии») не снижает, однако, актуальности известных рекомендаций В.В.Виноградова о том, что «научно-лингвистическое изучение современной поэзии должно начинаться с интенсивного анализа индивидуально-замкнутой системы языковых средств». Данное положение послужило отправным моментом настоящего исследования. В статье мы пользуемся термином функциональная значимость. Каждое художественное произведение представляет совокупность речевых компонентов, объединяемых авторским замыслом, авторским видением мира, авторским отношением к слову. Таким образом, функциональная значимость – тот фермент, который превращает совокупность всех структурных компонентов отдельного художественного